

Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы
№9 «Нұршашу» балабақшасы МКҚК

Бекітілді

Балабақша меңгерушісі

№ 1 Педагогикалық кеңес отырысында қаралды

03-01-01

_____ Т.К.Гусманова
«31» тамыз 2022 жыл



**№ 9 «Нұршашу» балабақшасының 2022/2023 оқу жылына арналған жылдық
оқу-тәрбие жұмысының жоспары**

I. Ақпараттық анықтама

Балабақша туралы деректер

Балабақша мына мекенжай бойынша орналасқан: А.Петрова 17/1

Лицензиясы: KZ 49PVK00032876 қызметтің басталуы туралы хабарлама

Пайдалы ауданы: 3843,5

Жоба қуаттылығы: 240 орын

Ата-аналар мен балабақша әкімшілігі арасында шарт жасалды: типтік келісім-шарт, БҒМ 28.01.2016 № 93 бұйрығы бойынша бекітілді

Топта тамақтанғаны үшін ата-аналар төлемі 1 күнге – **800 теңгені құрайды.**

Оқу тілі: қазақ, орыс

Жыл бойы балалардың балабақшаға келуі __ % құрайды.

Балабақша меңгерушісі (директоры): Т.К.Гусманова болып табылады, білімі жоғары, санаты екінші.

Оқу-тәрбие үдерісіне әдіскер Махметова А.Г **жетекшілік етеді.**

Медбике: Мамабетжанова Г.А

Психолог: Козырь И.А

Балабақша *Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы* бойынша жұмыс істейді.

Мына кабинеттер жұмыс істейді: психологиялық, медициналық, әдістемелік, музыка залы, дене шынықтыру залы, қазақтілі, орыс тілі.

МДҰ-да іс жүргізу қатаң тәртіппен жүргізіледі.

Ұйым кадрлармен жасақталды, біліктілікті арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Топтың атауы		Тәрбиешілердің Т. А. Ә.
1	Ақбота	Ибраймова С.А, Серікбай Г.С.
2	Гүлдер	Смирнова И.П., Палягина Н.Ф.
3	Еркетайлар	Тыныбаева К.А
4	Почемучки	Атанова А.К., Денисова Л.И
5	Көңілді балалар	Машерипова Г.П, Жиенбаева Г.С
6	Балдырған	Конкабаева А.А., Сулейменова Г.С.
7	Күншуақ	Садуакасова Р.К., Жакупова Т.Б.
8	Жұлдыздар	Кирпичева Н.Н, Хайрулина Г.К
9	Балбала	Муталив Б, Серикбаева М.С.
10	Жидектер	Умарханова К.Л.

Жоспарлауда ескерілетін негізгі директивті құжаттар

№	Құжаттың атауы	Осы құжаттан туындайтын нұсқаулар
1	«Білім туралы» Заң	МДҰ-ға келетін балалардың мектепалды дайындығын қамтамасыз ету.
2	МЖМБС	Стандарт педагогикалық үдерісті ұйымдастыру қағидаларын белгілейді, қатысушылардың рөлі мен орнын айқындайды, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жүйесінің отбасымен және қоғаммен қарым-қатынасын реттейді.
3	«Тілдер туралы» Заң	ҚР-ғы тілдер қызметінің, оны меңгеру мен дамытуға жағдай жасаудың құқықтық негіздерін белгілейді.
4	Бала құқықтары туралы конвенция	Баланы қоғамда өз бетімен өмір сүруге дайындаудың және БҰҰ Жарғысында жарияланған мұраттар рухында тәрбиелеудің құқықтық негіздерін белгілейді.

2022/2023 оқу жылындағы педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамы

[illegible]

**2022/2023 оқу жылындағы
оқу-тәрбие үдерісін
ТАЛДАУ**

№	Топ	Баланың жасы	Бала саны	Оқу тілі	Тәрбиешілердің Т. А. Ә.
1	Еркетайлар	2-3	24	Қазақ	Тыныбаева К.А., Атабекова І.Д
2	Балдырған	3-4	28	Орыс	Сулейсенова Г.С., Конкабаева А.А
3	Көңілді балалар	3-4	23	Қазақ	Машерипова Г.П., Досаева Г.К
4	Почемучки	3-4	26	Орыс	Денисова Л.И., Атанова А.К
5	Балбала	4-5	31	Қазақ	Атабекова С.Д., Муталив Б
6	Жұлдыздар	4-5	31	Орыс	Кирпичева Н.Н., Хайрулина Г.К.
7	Ақбота	5-6	21	Қазақ	Ибраймова С.А., Садуакасова Р.К
8	Гүлдер	5-6	31	Орыс	Смирнова И.П., Палягина Н.Ф
9	Күншуақ	5-6	26	Қазақ	Садуакасова Р.К., Жакупова Т.Б.
10	Жидектер	5-6	26	Орыс	Умарханова К.Л., Тулемисова Г.А

МДҰ ұжымы жұмыс істеген мәселе: мектепке дейінгі жастағы балалардың үйлесімді дамуы.

Міндеттері:

1. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстарын денсаулықты сақтау әдістері арқылы жүзеге асыру.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларда табиғатты зерттеу және қорғау, экологиялық білімді насихаттау жөніндегі тәжірибелік іс-шараларға қатысу қажеттіліктерін дамыту
3. Инновациялық ойын технологияларын мектеп жасына дейінгі балалардың оқу және ойын қызметіне ұштастыру.

Жұмыс бағыттары	Нәтиже көрсеткіштері	Жақын кезеңдегі міндеттер
Білім саласы бойынша оқу іс-әрекеті		
«Денсаулық»: -дене шынықтыру; қауіпсіз мінез-құлық негіздері	Оқу-тәрбие жұмысына жасалынған жағдай балалардың аурушандығы мен жарақат алуын азайту бағытында жағымды жетістіктерге жетуге мүмкіндік туғызды.	Топтарда санитарлық-гигиеналық тәр-тіптің сақталуын, бөлме ауасын тазарту, шынықтыру жұмыстарын бақылауды күшейту. Балалармен өткізілетін ұйым-дастырылған оқу іс –әрекетінде (дене тәрбиесі, серуендеу) медициналық-педагогикалық бақылауды күшейту.
«Қатынас»: - тіл дамыту; - көркем әдебиет; - сауат ашу және жазу	Балалардың өздеріне деген шын көңілден қарым-қатынас жасауы қалыптасқан. Балалар мен ата-аналардың мемлекеттік және ағылшын тілін үйренуге деген	Жұмыстың жаңа нәтижелі түрін іздестіруді жалғастыру. Әлеуметтік шоғырлануда да оқу іс-әрекеті мен жеке ішкі позициясын игеруін және жан-жақ-ты дамытуды жалғастыру. Көптілділік кеңістік арқылы балалардың тіл дамыту бойынша

негіздері; - ағылшын тілдерін үйрену, драма	қызығушылықтары артты.	жұмыстарын жалғастыру.
«Таным»: - сенсорика; - ҚМҰҚ; - құрастыру; -экология негіздері; - жаратылыстану;	Балалардың кеңістік қарым-қатынас түрлерін нақты ажы-рата алады, ой-өрісі және қоршаған ортаны бағалауы қалыптасқан. Табиғатты аялауға деген жауапкершіліктері дамы-ған. Табиғатты аялау қызмет-тері жақсы жетілген.	Экологиялық тәрбие беретін дидактикалық ойындар, танымдық дағдыларын дамытатын әңгімелер, ертегілерді дайындау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді, әдістемелік әдебиеттерді толықтыру.
«Шығармашылық»: - сурет; - мүсіндеу; - жапсыру; - музыка	Балабақшада балаларға эсте-тикалық тәрбиені қалыптас-тыруда барлық жағдай жасалған. Балаларды музыкалық-ритмика-лық қозғалыс жасап, өлең айту дағдылары қалыптасқан.	Бейнелеу өнері бойынша әдістемелік және көрнекі құралдармен толықтыру. Музыка кабинетін музыкалық аспаптармен толықтыру.
«Әлеуметтік орта»: - қоршаған орта-мен таныстыру; - экология негіздері; -өзін-өзі тану	Балаларға қоршаған және әлеу-меттік ортада өзінің және оны қоршаған адамдардың ден-саулығына жауапкершілігі жақсы дамыған. Өзінің жақы-ндары мен бөтен адамдарға сыйластық пен қамқорлықты сезінеді.	Әлеуметтік шоғырлануда оқу іс-әрекеті мен жеке ішкі позициясын игеру және жан-жақты дамытуды жалғастыру. Иmandылық тәрбиесі бойынша таным-дық әңгімелер, дидактикалық ойындар ертегілер көрнекіліктерін дайындау. Әдістемелік құралдармен толықтыру. Өз уақытында мектеп жасына дейінгі балаларды түзету және көмек көрсету мақсатында диагностика жүргізу.
Кадрлармен жұмыс.	Педагогтердың әдістемелік және кәсіби шеберліктері жеткілікті деңгейле, Педагогикалық қызметтері тиімді көтерілді	Педұжымға психологиялық көмек көрсету, педагогикалық кадрлардың тиімді біліктілік деңгейін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру. Балабақшаның барлық педагогтеріның әдістемелік және кәсіби шеберлік деңгейлерін арттыру. «Жас тәрбиеші мектебі» жас тәрбиешілерге көмек көрсетуді жалғастыру.
Ата-аналармен жұмыс	Ата-аналар арасында педагогтерға деген құрмет дәрежесі көтерілді, оны олардың ұжымда өткізілген барлық іс-шараларға белсене қатысуынан көруге болады.	Салауатты өмір салтын қалыптастыруда әр түрлі жұмыс түрлерімен таныстыру және спорттық іс-шараларға қатыстыруды жалғастыру. Ата-аналарды балабақша өміріне белсене қатысуға тарту.

Оқу жылына арналған нормативтік –құқықтық актілерді зерделеп, жұмысты ұйымдастыруда жүзеге асырылды. Сонын ішінде педагогтермен зерделеп талқыландырылған «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» заңы, модельді іске асыру үшін атқарылып жатқан қызметті талдап, өзгерістерді енгізу ұсынылды.

2020-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңын» негізге ала отырып, балабақшада «Балдырған», «Почемучки» ортаңғы, «Жұлдыздар» ересектер, «Гүлдер», «Жидектер» мектепалды топтарында және «Лучики» шағын орталығында қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу қызметі жүргізілді. Қосымша қазақ тілін үйрету топтарымен жұмыс жүргіздім.

Қазақ тілі пәні бойынша 2021-2022 оқу жылына перспективтік-тақырыптық жоспар жазып, «Қатынас» білім саласы бойынша әдістемелік құралдарды қолдана отырып циклограммалар құрастырдым.

Оқу қызметі ортаңғы және ересектер топтарына аптасына бір рет, мектепалды даярлық топтарына аптасына екі рет жүргізілді.

Ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының «Қатынас» білім беру саласы бойынша жүргізілді.

Оқу жылы бойы перспективтік жоспарға байланысты оқу қызметі балалардың қарым-қатынас жасау үшін ауызекі сөйлеуін, диалогтік сөйлеуін дамытуға, сауат ашу негіздерін меңгертуге, қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі мен салтын құрметтеуге тәрбиелеуге, мемлекеттік тілді білуге, көркем әдебиетке қызығушылыққа баулуға бағытталды. Балалар тән дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді, сұраққа жауап беруді, сурет бойынша әңгімелеуді, біледі.

Балаларды мемлекеттік тілге үйрету барысында мынадай жұмыс түрлері қолданылды: ойыншықтармен жұмыс, ойындар мен ертегілер, тақпақтар, санамақтар, өлеңдер жаттату, қозғалыс ойындары, доппен ойын, физминут.

Оқу қызметі барысында заманауи технологиялар қолданылды. Атап айтсам, интерактивті тақта, «Сиқырлы қалам». Сонымен қатар, ойыншықтар, дидактикалық материалдар, ойынды көрнекі құралдар, «Луллия шеңбері» әдістемелік құралы, түрлі суреттер, кестелер, музыка қолданылды. Әрдайым ойын түрлері және өзара сөйлеу үлгілері тақырыпқа сай қолданылып отырды.

Ойын арқылы балаларға жаңа тақырыптарды жеңіл түсіндіріп, қиыншылық туғызатын сәттерден оңай өтіп, ең бастысы, тілді үйренуде қызығушылығын арттырдым деп ойлаймын.

Ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізу барысында

2021 жылғы қыркүйек айынан бастап 2022 жылғы мамыр айының соңына дейінгі балалардың қазақ тілін меңгеру деңгейі:

- «Почемучки» ортаңғы тобындағы 34 баланың арасынан 9 бала орташа меңгеріп, 25 бала әлі толық сөйлей алмайтындықтан мүлдем меңгере алмады;
- «Балдырған» ортаңғы тобындағы 31 баланың арасынан 6 бала орташа меңгеріп, 25 бала әлі толық сөйлей алмайтындықтан мүлдем меңгере алмады;
- «Жұлдыздар» ересектер тобындағы 32 баланың арасынан 6 бала жақсы меңгерсе, 12 бала орташа меңгеріп, 14 бала төмен деңгейде меңгерді;
- «Гүлдер» мектепалды тобындағы 21 баланың арасынан 10 бала жақсы меңгерсе, 10 бала орташа, 1 бала өте төмен деңгейде меңгерді;
- «Жидектер» мектепалды тобындағы 14 баланың арасынан 8 бала жақсы меңгерсе, 4 бала орташа, 2 бала төмен деңгейде меңгерді;
- «Лучики» шағын орталығында 17 баланың арасынан 12 бала жақсы меңгерсе, 5 бала орташа деңгейде меңгерді.

Тілдерді дамыту мен қолданудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша балабақшада балалармен, ата-аналармен, балабақша қызметкерлерімен мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- Мемлекеттік тілді дамыту мәселесі жөнінде мәжіліс өткізілді.
- Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы құрылды.
- Тіл саясатына байланысты стенд дайынлып, ілінді.
- Мекемеге, әр топқа тіл туралы қанатты сөздер ілінді.
- Қызметкерлердің мемлекеттік тілде құжат дайындау сапасы жыл бойы қадағаланды.
- Мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері балаларының тізімін жасап, Тілдерді дамыту басқармасына тапсырылды.
- Мемлекеттік тілді оқыту үшін арнайы кабинет қарастырылды:

- мультимедиалық құрал-жабдықтар орнатылды;
- сөздіктер, анықтамалықтар алынды;
- оқу-әдістемелік құралдар алынды;
- сала бойынша сөздік қор дайындалды;
- сапасы мен нәтижесі бақыланды.

Балабақшада 2021-2022 оқу жылында мынадай іс-шаралар жүргіздім:

Қазақстан халықтар тілдері күні мерекесіне орай «Тілдер апталығын» өткіздім.

Апталықтың ашылуында балаларға арнап «Тіл – халық байлығы» қабырға газеті көрмесін ұйымдастырдым. Қалған күндері Ұлттық ойындар эстафетасы, «Тіл- халық қазынасы» атты Тілдер мерекесіне арналған ертеңгілік, «Мен ата-анаммен қазақша сөйлеймін» ата-аналар арасындағы байқау ұйымдастырдым.

Мақсатым: Балалардың тіл туралы білімдерін кеңейту, әртүрлі тілдер туралы білімдерін бекіту, Қазақстанда тұратын әртүрлі халықтар туралы түсінік беру; Кез-келген ұлт адамдарына, достарына сыйластықпен қарауға, тілге деген қызығушылыққа тәрбиелеу; Мәдениетті сөйлеу дағдысына баулу. Балалар өздері мерекеге арнап жаттаған тақпақтарын айтты. Тілдері күні мерекесінің жабылуына балалармен бірге ертегілерді тамашалап, балалар ойларын ортаға салды.

Қазақстан халықтар тілдері күні мерекесіне орай педагогтерға жазбаша сөздік диктант жазғызып, қосымша бірнеше тапсырмалар берілді:

Сөздік диктант

Орфоэпиялық сәт

Тіл туралы қазақ және орыс тілдерінде бірнеше мақал-мәтел жазу

Бұл тапсырмалардың жауаптары Тілдер апталығының жабылу күні, келесі дүйсенбі күні айтылды. Барлық қатысушыларға үлкен алғыс айтылып, сыртқы қағазына нақыл сөздер және сергіту сөздері жазылып, жапсырылған тәттілер табысталды.

Балабақшада «Оқимыз, айтып береміз!» атты кітап оқу клубын жүргіздім. Балаларға өте қызықты болды. Оларға ертегілер оқыдым, балалар сол ертегілерді өте тамаша сахналады.

Жарты жылдық есеп ретінде ақпан айында «Гүлдер» мектепалды тобымен «Қызықты тапсырмалар» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткіздім. Осы ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде балалар өздерінің жарты жылда қазақ тілін қалай меңгергендіктерін, тән дыбыстарды қалай меңгергендерін жақсы жағынан көрсете білді.

Қорытынды ретінде сәуір айында «Жидектер» мектепалды тобымен ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткіздім. Осы ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде балалар оқу жылында қазақ тілін қалай меңгергендіктерін жоғары деңгейде көрсете білді.

Жыл ішінде балабақшаның өзекті мәселелері бойынша 4 өндірістік жиналыс, 3 ұжымның жалпы жиналысы өткізілді.

Құжаттамамен жұмыс жүргізілді: жылдық жоспар құрылды, 2021-2022 оқу жылына оқу жоспары бекітілді, өз бетінше білім алу тақырыптары бекітілді, аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары мен кестесін құрылды, ерекше білімде қажеттіліктері бар балалармен жқмыстың консилиум құрамының құжаттары рәсімделді, менторинг жұмысын жүзеге асыруда мнторлар менти іріктелді..

Оқу жылында меңгеруші Т. Гусманова мен әдіскер А. Махметова «мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті» курсына, әдіскер А. Махметова «мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңстік дамытушы ортасын жобалау» курсына, «Өзін-өзі тану пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» курсына А.Махметова, И. Козырь, А.Конкабаева, Л.Денисова, Н. Кирпичева, І. Атабекова, Р.Садуакасова, К. Тыныбаева, «Развитие игровой компетентности педагога в организации дошкольной организации» курсына А. Атанова, «Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту» курсына А. Махметова, И.Козырь қатысып біліктерін арттырды.

Жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін жоғарлату мақсатында, жоғары санатты тәжірибелі тәрбиеші Т. Жакупова жаңадан жұмысқа келген Г. Досаеваға ментор болып тағайындалды.

Басшылықпен 12 әкімшілік жиналыс өткізілді. Олар ұжым жұмысын жақсарту, педагогикалық ұжымның қызметін оңтайландыру, қызметкерлерді марапаттау және ынталандыру және басқа да өзекті мәселелерді қарастырды. Жыл бойы коронавирустың таралуы туралы іс-шаралар, коронавирустық инфекциялардың алдын-алу және шектеу шараларына байланысты кеңестер өткізілді. Балаларға жас ерекшелігіне сай екепелері егілді, желдету мен кварцтау бойынша нұсқаулықтар ұйымдастырылды.

Жыл бойында консилиумның 3 отырысы болды. Жылдың басында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың ПМПК қорытындысы бойынша психолог-А. Тұрсынбекова, дефектолог - А.Тұрсын, логопед - С.Бейсенова және топ тәрбиешілері И. Смиронова, Н.Палягина, К.Умарханова, Г.Тулемисова, К.Тыныбаева, С.Ибраймова талдау жасап балалардың жеке даму бағдарламасын қарастырды. Тәрбиешілер жыл бойы мамандардың қолдауымен ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалармен оңтайлы жұмыс жасады.

2021-2022 оқу жылы 5 педагогикалық кеңестер өткізілді. Педагогикалық кеңестердің тақырыптары:

№1 педагогикалық кеңес. Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына – дайындық».

№2 педагогикалық кеңес. Тақырыбы: «Жобалар мен эксперименттер әдісіне негізделген экологиялық білім беру бойынша балалармен жұмыс жүйесі».

№3 педагогикалық кеңес. Тақырыбы: «Сауықтыру жұмысын ұйымдастыру».

№4 педагогикалық кеңес. Тақырыбы: «Инновациялық технологиялар арқылы тілдік қызметті дамыту нысандары мен әдістерін жетілдіру».

№5 педагогикалық кеңес. Тақырыбы: «МДҰ-ның жылдық жұмыс қорытындылары».

«Өзін –өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы негізінде базалық балабақшада білім беру процесінің моделі – инновация әдіскері ұйымдастырған, «Авторлық ойындардың құрал-жабдықтарын қолдану» әдіскер А. Махметова мен топ тәрбиешілерінің ұйымдастырған семинарлары өтті.

Әдістемелік кеңестер.

№ 1: Педагогикалық ұжымды «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру туралы» Нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру.

(ҰОҚ кестелері). Барлық жас ерекшелігі топтарындағы күн тәртібін бекіту .

- **№ 2:** Арнайы білімді беруді талап ететін балалармен жүргізетін жұмыстардың құжаттарын рәсімдеу.
- **№ 3:** Инновациялық технологиялар арқылы тілдік қызметті дамыту нысандары мен әдістері.
- **№ 4:** 2021- 2020 оқу жылындағы тәрбиеленушілер мен педагогтердың жетістіктері.

Балабақшада инновациялық технологияларды ұйымдастырылған оқу қызметіне кіріктіру мақсатында шығармашылық топтар құрылып, келесі топтар бойынша жұмыс атқарды:

- ✓ В.Воскобовичтың дамытушы ойындары
- ✓ М.Монтессори технологиясы
- ✓ «Интеллектум» логикалық ойындары
- ✓ «Жобалау» технологиясы
- ✓ «Никитин» текшелері, «Дьенеш» блоктары, «Киюзинердің сиқырлы таяқшалары».

2021 - 2022 оқу жылында педагогтерге арналған төмендегі кеңестер өткізілді:

- ✓ Балабақшада мерекелер мен ойын-сауықтарға дайындық, ұйымдастыру және өткізу.

- ✓ Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде компьютерді қолдану.
- ✓ Балаларды халық педагогикасы арқылы ұлттық жас ерекшелігі мәдениетіне тәрбиелеу.
- ✓ Қоршаған ортада сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыру.
- ✓ Мектеп жасына дейінгі балалардың музыканы қабылдау үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық технологиялары.
- ✓ Ерте жаста тілді дамыту бойынша тәрбиешінің балалармен бірлескен қызметінің нысандары
- ✓ Балалардың гипербелсенділігі
- ✓ Балабақша мен отбасы әрекеттестігінің дәстүрлі емес түрлері
- ✓ Дене тәрбиесі, балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелері бойынша дене шынықтыру бойынша нұсқаушының МДҰ педагогтарымен өзара әрекеттестігі

Оқу жылында барлық тәрбиешілер мен мамандардың І және ІІ жартыжылдықтың қортынды ұйымдастырылған оқу қызметтері, және А.Конкабаева, И. Смирнова, Л.Денисова, Т.Жакупова, Н.Кирпичева тәжірибе алмасу ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетті.

2021-2022 оқу жылында тәрбиешілік қызметке Г.Досаева қабылданды. Жас маманға ментор ретінде Т. Жакупова тағайындалды. Жыл бойы екі маман өзара қарым-қатынас жасап тәрбиешінің құжатнамасы және ҰОҚ қолданылатын ойындар мен технологиялар, дәстүрлі және дәстүрден тыс әдістер, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері бойынша жұмыс жүргізілді.

2021-2022 жыл төмендегі іс-шаралар өткізілді:

- ✓ «Білім күні»
- ✓ «Бүкіл әлем балалары, тілдері тату!»
- ✓ «Алтын күз»
- ✓ «Армысың, алтын күз!»
- ✓ «Табиғат сыйы»
- ✓ «ҚР Тұңғыш президенті күні»
- ✓ «Тәуелсіздік тұғырым!»
- ✓ «Сиқырлы қалашық»
- ✓ «Жасыл шырша»
- ✓ «Қош келдің Жаңа жыл!»
- ✓ «Шыршамен қоштасу»
- ✓ «Қыс қызығы»
- ✓ «Асыл анам»
- ✓ «8 наурыз – әйелдер күні»
- ✓ «Мен ғарышкер боламын»
- ✓ «Қош келдің, Наурыз!»
- ✓ «Наурыз – көктем мерекесі»
- ✓ «Тату-тәтті боламыз!»
- ✓ «Мен ғарышкер боламын»
- ✓ «Жеңіс күні»

2020 – 2023 жылдарына алынған «Балабақшаның қоршаған кеңістігі – мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде Қазақстанның экологиялық әлемінің ойын үлгісі ретінде» эксперименттік алаңның жоспарына сай жұмыстар жүзеге асырылды. «Жобалар

мен эксперименттер әдістеріне негізделген экологиялық тәрбие беру бойынша балалармен жұмыс жүйесі» атты педагогикалық кеңес өтті. Алағның тақырыбына сай «Кейс-стади», «Жанды кітап», «Біз зертеушілерміз», «Табиғатпен сырласу» атты жобалар жүзеге асырылды. Сонымен қатар «ЭКО-сөмке» атты ата-аналармен балаларға арналған жәрмеңке ұйымдастырылды. Топтарда «Терезе алдындағы бақша» атты жоба өткізілді.

Жыл бойында бақылаудың төмендегі түрлері жүзеге асырылды:

Тақырыпты бақылау - 6;

Жедел бақылау - күнделікті;

Жеке бақылау - 10;

Салыстырмалы бақылау - 5;

Ағымдық бақылау - 11;

Жалпылама бақылау - 5.

Балабақша қызметінің келесі бөлімдерінде жедел бақылау жүргізілді:

Оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жергілікті тапсырмалардың орындалуын бақылау.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу сапасын арттырудың мақсаттары мен міндеттерінің орындалуын бақылау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту және дене дамуының деңгейін арттыру мақсаттары мен міндеттерінің орындалуын бақылау.

Режимдік сәттерді ұйымдастыру.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Өндірістік бақылау балабақшаның келесі бөлімдерінде жүргізілді:

Сайт жағдайын бақылау.

Бөлме жағдайын бақылау.

Жабдықтың жағдайын бақылау.

Тамақтануды бақылау.

Медициналық қамтамасыз етудің күйін және денсаулықты сақтау бойынша жұмысты бақылау.

Күн тәртібін және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды бақылау.

Қызметкерлерді бақылау.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік сақтауды бақылау.

2021-2022 оқу жылында ата-аналармен өткізген жұмыстар:

- 3 жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді, оның 1-і қосымша ақылы қызметтерді енгізу бойынша кезектен тыс ұйымдастырылды.
- Топтық ата-аналар жиналысы әр жас тобында тоқсанына бір рет өткізілді.
- Ата-аналарға кеңестер, тәрбиеленушілердің ата-аналарына арналған түрлі тақырыптар бойынша сауалнамалар.
- 25 сәуірде ата-аналарға арналған ашық есік күні өтті.
- Ата-аналарға арналған байқаулар мен көрмелер де өткізілді.
- Жыл бойы балабақшаның ата-аналар комитеті және қамқоршылық кеңес жұмыс атқарды.
- Наурыз мейрамы қарсаңында әкелерге арналған «Ұлттық ойындар» сайысы өткізілді.
- «ЭКО-сөмке» атты экологиялық акция өткізілді.

- Қоқыстарды сұрыптауға байланысты балалармен және ата-аналарға арналған ЭКО-апталық өтті.

Балабақша ұжымы бірнеше жылдан бері қала мен облыстың келесі әлеуметтік-мәдени нысандарымен және мекемелерімен өзара әрекеттесіп келеді:

- ЕАГИ институты;
- Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;
- Халықаралық Астана универсиетінің гуманитарлық колледжі;
- № 13 балалар емханасы;
- Нұр-Сұлтан қаласының №1, 2, 3, 4, 5 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестері;
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 22 мектеп-гимназиясы;
- Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі;
- SOS-қалашық;
- «Бөбек» Республикалық оқыту-сауықтыру орталығы;
- Ұлттық үйлесімді дамудың институты.

2021-2022 оқу жылы Нұр-сұлтан қаласы әкімдігінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 22 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдерімен ата-аналарға арналған ZOOM кеңістігінде кеңес ұйымдастырылды. Сонымен қатар короновирустық инфекцияға байланысты шектеулер шешілгеннен кейін «Гүлдер» , «Ақбота», «Күншуақ», «Жидектер» мектепалды даярлық топтары тәрбиешілерімен және балабауша психологтары А. Тұрсынбекова мен И. Козырьдің ұйымдастыруымен аталған мектептерге экскурсияға барды.

2021-2022 оқу жылында К. Умарханова мен С. Ибраймова тәрбиеленушілері Есенжол Зере және Мурадян Марсель XIV "Жұлдызды жол" интеллектуалдық олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып:

II –орын иегері Есенжол Зере

III- иегері Мурадян Марсель

Есенжол Зере XIV "Жұлдызды жол" интеллектуалдық олимпиадасының қалалық кезеңі бойынша I –орын иегері.

Қалалық «Біз мектепке барамыз» акциясына Н. Палягина «Путешествие в страну звуков» атты сауат ашу бойынша ұйымдастырылған оқу қызметін жоғары деңгейде көрсетті.

**Топтар бойынша % арақатынаста бағдарламаны
меңгеру жетістіктері мен деңгейінің салыстырмалы кестесі**

Топ	Жылдың басында %	Меңгеру деңгейі (I жартыжылдық)	Меңгеру деңгейі (II жартыжылдық)
Еркетайлар	бейімделу	47	67
Балдырған	70	80	87
Көңілді балалар	36	43	54
Почемучки	19	63	64
Балбала	69	72	78
Жұлдыздар	60	73	83
Ақбота	59	83	93
Гүлдер	57	73	90
Күншуақ	67	80	82
Жидектер	63	63	83

Сауықтыру жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- күн тәртібін сақтау;
- таза ауадағы таңғы гимнастика (қыс мерзімінен басқа);
- үнемі дене шынықтырумен айналысу;
- желдету және температуралық жайлылықты сақтау режимі;
- жасына қарай тамақтану (ақуыздардың, майлар мен көмірсулардың арақатынасы күніне);
- тамақ үлесіне көкөністерді, жемістерді, шырындарды енгізу– серуендеулер;
- сауықтыру шаралары;
- шынықтыру рәсімдері.

Оның ішінде 2021 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде біліктілікті арттыру курстарынан өткендері:

№	Педагогтың аты-жөні:	Өткен орны:
1	Гусманова Т. К	«Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті» ПШО 2021
2	Махметова А.Г	«Развитие цифровых компетенции педагогов» 2021, АО «НЦПК Өрлеу» «Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістік дамытушы ортасын жобалау» «Өрлеу» БАҰО АО 2021, «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» АО АҮДҰИ 2021, «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті» ПШО 2022
3	Козырь И. А	«Развитие цифровых компетенции педагогов» 2021, АО «НЦПК Өрлеу» «Научно-методические основы преподавания предмета «Самопознание» АО ИГРЧ, 2021
4	Жакупова Т.Б	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» АО АҮДҰИ 2022
5	Денисова Л.И	«Научно-методические основы преподавания предмета «Самопознание» АО ИГРЧ, 2021
6	Тыныбаева К.А	«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» АО АҮДҰИ 2021
7	Конкабаева А.А	«Научно-методические основы преподавания предмета «Самопознание» АО ИГРЧ, 2021
8	Садуакасова Р.К	«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» АО АҮДҰИ 2021
9	Атабекова І.Д	«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» АО АҮДҰИ 2021
10	Атанова А.К	«Развитие игровой компетентности педагога дошкольной организации» АО «НЦПК Өрлеу» 2022
11	Кирпичева Н.Н	«Научно-методические основы преподавания предмета «Самопознание» АО ИГРЧ, 2021

Аттестаттау қорытындыларын талдау

МДҰ-ғы әдістемелік жұмыс бағыттарының бірі педагогикалық және басқарушы кадрларды аттестаттау болып табылады.

Қызметті бақылау мен талдаудың негізінде құрылған аттестаттау педагогикалық шығармашылықты ынталандырудың басты факторы болып табылады.

Ағымдағы оқу жылында: 5 педагог: Алексеева О.С, Палягина Н.Ф, Машерипова Г.П кезекті аттестатталуға өтініш берді.

Маликова Ж.Д, Карбаева Д.Е, Хайрулина Г.К, Умарханова К.Л кезектен тыс аттестатталуға өтініш берді.

Оның ішінде: Алексеева О.С, Палягина Н.Ф, Хайрулина Г.К –педагог-модератор, Маликова Ж.Д, Карбаева Д.Е – педагог-эксперт санаттарын қорғап шықты.

Умарханова К.Л, Машерипова Г.П өтініші бойынша санаты қорғалмай, қайта өтініш берді.

Оқу және тәрбие үдерісі МЖМБС-на сәйкес құрылады.

Бағдарламалар бүкіл жұмысты апталық-тақырыптық жоспарлау қағидаты бойынша құрылады, мұнда технологиялық модуль (бір аптаға арналған жоба) қолданылады, оның негізгі мақсаты

- бір тақырыпты қызметтің барлық түрлерімен және барлық белсенділік орталықтары арқылы кешенді қамту;
- тақырыпты барынша мазмұнды, тереңдетілген меңгеру және балалар білімі сапасының жоғары деңгейі;
- дамыту ортасын құру;
- оқулықтарды іріктеу тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастырушы маңызды шарттардың бірі ретінде;
- педагогтердың шығармашылық тұрғыдан келуін, олардың оқу-тәрбие үдерісін және барлық қызмет түрлерін жоспарлаудағы даралығын дамыту.

Ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі түрлеріне ерекше назар аударамыз:

- Балалармен бірге өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметтеріне, режимдік үдерістерге, іс-шараларға, ойын-сауықтарға қатысу, бақылау және жетекшілік ету.
- Әдіскердің, психологтың балалардың өнімді қызметін зерттеуі (БӨ бойынша жұмыстар, тіл дамыту бойынша шығармашылық жұмыстар).
- Балалармен және педагогтермен жеке жұмыс (кеңестер, әңгімелесулер, жұмыс тәжірибесін зерттеу).
- Педагогикалық кеңестер.
- Ата-аналармен жұмыс.
- Оқу қызметіне мониторинг.
- Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау.
- Педагогтердың әдістемелік мәселелер бойынша есептері.
- Үйірме жетекшілерінің есептері.
- Ашық байқаулар

(«Адамгершілік сабақтары» – теория мен тәжірибелер, педагогика мен психологияның оқу үдерісіндегі өзара байланысы).

Педагогтермен жұмыстың барлық түрлері, нысандары балабақшаның жылдық әдістемелік міндеттерімен тығыз байланысты. Педагогтер өз кезегінде жылдық міндеттерді орындау, оқу үдерісін жетілдіру мақсатында өз бетімен білім алу мәселелерімен тереңдетілген түрде айналысады.

Жыл бойы тәрбиешілер мен психологтар әр топта пәндік-дамыту ортасын құрды және үнемі жетілдіріп отырды, ол балалардың тұлғалық, зияткерлік және тілдік дамуына ықпал етті.

Алға қойылған міндеттерге жету үшін ұжым

- ҚР өзге өңірлерінің озық тәжірибесін зерттейді (облыстық, республикалық семинарлар);
- электрондық оқулықтар арқылы сауат ашу және жазу негіздеріне оқыту мүмкіндіктерін зерттейді;
- мультимедиялық құралдар арқылы өзінің жұмыс тәжірибесін жалпылайды (презентациялар, бейнероликтер).

Ісжүргізу «Тілдер туралы» ҚР Заңына сәйкес бекітілген істер номенклатурасы бойынша екі тілде жүргізіледі.

Қолданыстағы ОТҚ:

- компьютер;
- музыкалық орталық;

- проекциялаушы экраны бар проектор;
- ноутбук;
- КФҚ;
- Интербелсенді тақта.

Бүкіл ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі өткен оқу жылында жұмыста едәуір ілгерілеуге және қала көлемінде кейбір жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді:

- «Үздік бейне ұйымдастырылған оқу қызметі» қалалық конкурсында Н. Кирпичева **II** орынға ие болды.
- Конкурстарда жүлделі белсенді қатысқаны үшін мадақтамамен марапаттар мен алғыс хаттар.

12 жылдық білім беруге көшу жағдайында балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жекешелендіру талаптары алғашқы орынға жылжиды:

- баланы жан-жақты дамыту, мұнда бастысы – бала тұлғасы;
- балалар ұжымында еңбек және әдеп дағдыларын қалыптастыру;
- танымдық қызметті қалыптастыру;
- оқуға, жазуға, санауға оқыту.

Наурызға, Тілдер күніне, ҚР Тәуелсіздік күніне арналған тақырыптық апталықтар; Қазақстан Республикасының барлық айтулы күндеріне арналған ертеңгіліктер өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс

Балабақша ұжымы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен ауқымды бірлескен жұмыстар жүргізуде. Мектепке дейінгі ұйымдағы отбасымен жұмыс бірнеше бағыттар бойынша құрылады: тәрбиеленушілердің отбасымен танысу; педагогикалық білімді ата-аналар арасында жоспарлы, белсенді түрде тарату; балаларды тәрбиелеуде отбасына іс-тәжірибелік көмек көрсету; қоғамдық және отбасылық тәрбиелеудің жағымды тәжірибесін насихаттауды ұйымдастыру; ата-аналарды педагогикалық қызметке тарту.

Мектепке дейінгі білім беру мәселелері бойынша педагогикалық ағарту:

- ата-аналар газеттері, шымылдық, жиналмалы папкалар;
- жеке кеңестер;
- оқу құралдарын жасау;
- іс-шараларға қатысу.

Психологиялық, педагогикалық тестілеу қорытындылары бойынша балалардың эмоционалды саладағы қиындықтарды – ата-аналар тарапынан жеткіліксіз көңіл аударуды сезінетіні айқындалды.

Балабақша қызметіне қанағаттанушылық мониторингін өткізгенде көптеген ата-аналардың төмендегі мәліметтерден жеткілікті дәрежеде хабары жоқ екендігі айқындалды

- педагогикалық қызмет нысандары, әдістері туралы;
- мақсаттарға жету үшін қолданылатын озық технологиялар туралы;
- тамақтану мәселелері бойынша;
- қосымша қызметтер туралы.

Осыған орай шектеулі іс-шараларына байланысты ата-аналармен психолог мамандар «Мен қандай ата-анамын», «Біз мектепке барамыз» атты **ZOOM** кеңістігінде онлайн кеңестер мен конференциялар ұйымдастырылды.

Айқындалған мәселелерді шешу үшін өткен жылдан бастап ата-аналармен әрекеттестіктің жаңа түрі – «Отбасылық қонақ бөлме» енгізілді.

Ойын алаңдарын, учаскелерін абаттандыру мен көгалдандыруға, балабақшаның ғимараттарын оқу жылына дайындауға ата-аналар көп көмек көрсетті. 2020/2021 оқу жылы гүлзарлар отырғызылды, балалар алаңындағы жабдықтар боялды.

Жұмыстың мақсаты:

- балалардың базалық біліктіліктерін дамыту;
- БДМ-ды өмірлік жағдайлармен ықпалдастыру қабілетін дамыту.

Балалардың білімі мен машықтарын байыту бойынша әдістер мен тәсілдер:

- әртүрлі тақырыптар бойынша театрландырылған қойылымдар, ӨҚН;
- тірі объектілерді қадағалау үшін табиғатқа экскурсиялар.

Күнделікті өмірде, тұрмыстық жағдаймен үйлестірілген тұрмыспен, өнермен тығыз байланыста тәрбиешілер балаларды халық өнеріне, шығармашылыққа, тарихқа баулиды:

- басқа топ балаларының алдында концерттер өткізу;
- саяхат сабақтар;
- сайыстар;
- онлайн сайыстар.

БДМ есепке алу және бақылау

Жыл бойы балалардың физиологиялық жас ерекшелігі мен психофизикалық даму деңгейіне сәйкес білім, дағды, машықтардың шекті деңгейін меңгеру арқылы мектепте оқуға дайындығына тексерулер жүргізілді.

Айқындалды:

- балалардың мектепте ересек топта оқуына қажетті бастапқы мүмкіндіктерді қалыптастыруға арналған білім сапасының пайызы төмендеді;
- психолог танымдық үдерістерді дамытуға барынша назар аударды (мониторинг қорытындылары бойынша бір жыл ішінде МДҰ-ға келетін балалардың танымдық үдерістерінің деңгейі 5–10 %-ға төмендеді);
- тілдік қызметті дамыту қатаң назар аударуды талап етеді;
- мектеп жасына дейінгі балалар әңгімелей, картиналарды, ойыншықтарды нормаларға сәйкес суреттей білмейді;
- дыбысты айтудың төмен деңгейі (логопед маман керек);
- бейнелеу өнері дағдылары жеткілікті меңгерілмеген және қалыптаспаған (түстік қабылдау, ою-өрнекті білу, суретпен заттардың өзіндік ерекшеліктерін жеткізу машығы, көргендерінен алған әсерлерін суретте бейнелеу машығы, БӨ дәстүрлі емес формаларын қолдану);
- дене шынықтыру-сауықтыру жұмысына барынша назар аудару қажет (сауықтырудың дәстүрлі емес формалары, стандартты және стандартты емес спорттық жабдықты жұмыста қолдану, шынықтыру).

–

2021/2022 оқу жылы
№ 9 «Нұршашу» МДҰ-да балаларды оқытудың сапалық деңгейі

Білім саласы	2018/2019 оқу жылы	2019/2020 оқу жылы	2020/2021 оқу жылы
Денсаулық	73%	67%	81%
Таным	76%	76%	77%
Қатынас	72%	79%	81%
Шығармашылық	73%	76%	82%
Әлеуметтік орта	71%	72%	91%
Барлығы	73%	74%	82%

Диагностиканың нәтижелері бойынша оқу-тәрбие үдерісінің жай-күйі

Мониторинг барысында тіл дамытудан жұмысты барынша сапалы жүргізуді қажет ететіні көрінді. Барлық топтарда мәдени-гигиеналық талаптар сақталды. Математикадан балалар көрсеткіші жақсы дәрежені көрсетті

Осы мәселелердің барлығы оқу жылының соңында өткен № 5 педагогикалық кеңесте баяндалды:

- Бағдарламаның бөлімдері, МЖМБС бойынша БДМ талдау.
- Жылдық міндеттеме мәселесі бойынша жұмыс тәжірибесінен тәрбиешілердің есептері.
- Жылдық міндет тақырыбы бойынша ашық сабақтар көрсетілімі.
- Тақырып бойынша педкеңеске жобаларды дайындау.

2020/2021 оқу жылындағы жұмыс талдауына сүйене отырып, келесі оқу жылына арналған алдағы оқу-тәрбие үдерісінде мыналарды назарға алу қажет:

- Жалпы тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың байланысты сөйлеуін дамыту бойынша жұмысты оңтайландыру.
- Барлық топта қазақ тілінде оқыту сапасын арттыру.
- Алдыңғы жылдармен салыстырғанда БӨ бойынша сапалық пайызды арттыру.
- Балалардың психикалық және физикалық денсаулығын сақтаудағы педагогтер мен ата-аналардың өзара әрекеттестігін жетілдіру.
- Балаларды ұлттық мәдениет көздеріне тарту арқылы көркем-эстетикалық даму саласындағы жұмыс түрлерін түрлендіру.
- Халық шығармашылығын зерттеу, танысу бойынша тереңдетілген-танымдық қызметті енгізу.
- Ата-аналармен әрекеттестіктің жаңа түрін әзірлеу және қызықты стандартты емес түрде оның мәжілістерін жүйелі түрде өткізу.
- МДҰ-ның білім беру үдерісінде жобалау технологияларын қолдану.

Педагогикалық үдеріске кешенді тұрғыдан келуді қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелері мен тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерін жалпылай келе, ұжым негізгі міндеттерге дауыс берді.

Осы мәселелердің барлығы оқу жылының соңында өткен № 5 педагогикалық кеңесте баяндалды:

- Бағдарламаның бөлімдері, МЖМБС бойынша БДМ талдау.
- Жылдық міндеттеме мәселесі бойынша жұмыс тәжірибесінен тәрбиешілердің есептері.
- Жылдық міндет тақырыбы бойынша ашық сабақтар көрсетілімі.
- Тақырып бойынша педкеңеске жобаларды дайындау.

II. «№ 9 «Нұршашу» балабақшаның»

2022 /2023 оқу жылының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру кеңістігін құру, балалардың жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға, олардың әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық, интеллектуалдық, дене қасиеттері және қазіргі білім беру саясатының талаптарына сәйкес баланың жеке басының әлеуметтік қажеттіліктерін дамыту.

Цель: Создание образовательного пространства, направленного на повышение качества дошкольного образования для формирования общей культуры личности детей, развитие их социальных, нравственных, эстетических интеллектуальных, физических качеств, инициативности и самостоятельности в соответствии с требованиями современной образовательной политики, социальными запросами и потребностями личности ребенка.

Міндеттері:

